

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуі үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі № 110 қаулысы. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 мамырда № 9-13-111 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысын, "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуі үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 130 қаулысын (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі нөмірі 3714) орындауда Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланына,

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігіне мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды өткізуі үйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қарасу және Октябрь ауылдарында шақыру пункттері үйымдастырылсын.

3. Ауылдар мен ауылдық округтердің әкімдері мыналарды жасасын:

1) "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) көрсеткен мерзімінде әскерге шақырылушилардың құлақтандыруын, медициналық және шақыру комиссияны өту үшін олардың уақытында жетуін қамтамасыз етсін;

2) алғыншылардың тасталды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2010.09.06 № 293 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

4. Шақыруды сапалы және үйымдастырылған турде өткізу үшін мемлекеттік мекемелер қосымшаға сәйкес техникалық қызметкерлерді берсін.

5. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысы Ішкі істер департаменті Қарасу ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақыруды өткізу және командаларды жөнелту кезеңінде мыналарды жасауға ұсыныс етілсін:

1) өз шеңберінің шегінде әскери қызметтен жалтарып жүргендерді іздестіру мен ұстауды жүргізсін;

2) шақыру пункттерінде әскерге шақырылушилар арасында қоғамдық тәртіпті қалпында сақтау үшін полиция нарядын берсін;

3) әскерге шақырылушиларды "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінен жөнелткен кезде қоғамдық тәртіпті қалпында сақтауды қамтамасыз етсін.

6. Құлақтандыру, шақыруды өткізу, медициналық куәландыру және әскерге шақырылушиларды аудандық шақыру пунктіне, облыстық жиын пунктіне жеткізу жөніндегі іс-шараларды орындалуымен байланысты шығыстар қарастырылған қаржы бөлімдердің шеңберінде аудандық бюджеттің қаражат есебінен өткізілсін.

7. "Қарасу ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шығыстар сметасында қарастырылған қаржы бөлімдер есебінен шақыруды үйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шараларды уақытында қаржыландауды жүзеге асырысін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің орынбасары Б. Бекеновке жүктелсін.

9. Осы қаулы оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді және 2010 жылғы сәуірде туындаған іс-эрекетке таралады.

Қарасу ауданының әкімі

Қ. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрлігі Қостанай облысы Ішкі істер
департаменті Қарасу ауданының ішкі істер
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ М. Исергепов

"Қостанай облысы Қарасу ауданының
корғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ А. Мұқашев

Әкімдіктің
2010 жылғы 22 сәуірдегі
№ 110 қаулысына қосымша

Шақыру кезеңінде техникалық жұмыскерлерді беретін мекемелер мен үйымдардың тізімі

P/c №	Мекеме атауы	Адамдар саны	Мерзімдер
1	"Қарасу ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	2010 жылғы 1 сәуірден бастап 30 сәуірге дейін
2	"Қарасу ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	2010 жылғы 3 мамырдан бастап 31 мамырға дейін
3	"Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	2010 жылғы 1 маусымнан бастап 30 маусымға дейін
4	"Қарасу ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	2010 жылғы 1 қазаннан бастап 31 қазанға дейін
5	"Қарасу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	2010 жылғы 1 қарашадан бастап 30 қарашаға дейін
6	"Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	2010 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 30 желтоқсанға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК